www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube Facebook Telegram
№47 /sársenbi/ 19 qaraşa 2025 jyl

## АЛМАТЫ МЕН ШЫМКЕНТТІ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН ТӨРТ ЖОЛАҚТЫ КҮРЕ ЖОЛ ТОЛЫҚ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

14 қараша күні Алматы облысында 42 шақырымдық «Ұзынағаш – Отар» жолының ашылуы өтті. Аталған жолдың іске қосылуымен магистралді жаңарту то-лығымен аяқталды. Енді Алматыдан Шымкентке дейінгі жол толық төрт жолақты болып, жүріп-тұру әлдеқайда ыңғайлы болмақ. Ашылу салтанатына ҚР Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров, Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев және өңір ақсақалдары қатысты. Рәсімде қозғалысты бастау батырмасы басылып, жаңа жол арқылы алғашқы болып 15 көліктен тұратын автоколонна жүріп өтті. Биыл біз ел бойынша 13 мың шақырым жолда жөндеу және қайта жаңарту жұмыстарын жүр-гізу арқылы рекордтық нәтижеге қол жеткіздік. Бұл – Мемлекет басшысының қолдауы мен жол саласының қызметкерлерінің күнделікті атқарып жүрген ерен




еңбегінің арқасы. Олар азаматтар үшін қауіпсіз, әрі ыңғайлы жолдар салып, өңірлердің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашуда», – деді іс-шара барысында Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров.

Сонымен қатар жолды ашу салтанатының аясында жобаны іске асыруға ерекше үлес қосқан жұмысшылар марапатталды. Оларға ведомстволық медальдар, Алғыс хаттар және Көлік министрлігінің Құрмет грамоталары табысталды.

Айта кетейік, бүгін ашылған «Ұзынағаш – Отар» күре жолында негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары өткен жылы басталып, небәрі екі жылда толық аяқталды. Жобаға 163 бірлік техника, 290 маман жұмылдырылып, екі асфальт-бетон зауыты мен төрт жол-құрылыс басқармасы жұмыс істеді.

42 шақырымдық «Ұзынағаш – Отар» тасжолының ашылуымен Алматы мен Шымкент арасындағы жол толық төрт жолақты болып, жүріптұру әлдеқайда ыңғайлы, әрі қауіпсіз болмақ.

Бұл магистральдің өткізу қабілетін арттырып, жол жүру уақытын қысқартады, қозғалыс қауіпсіздігін жақсартады және өңірлер арасындағы көлік байланыстарын нығайтып, Орталық Азия мемлекеттерімен экономикалық қатынастарды одан әрі күшейтері сөзсіз.

**«Айғақ»-ақпарат.**



## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:
# ХАЛЫҚ ЖЕРДІҢ ИГІЛІГІН КӨРУІ КЕРЕК

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН ЫҚШАМДАЛЫП АЛЫНДЫ

Ең алдымен, барша ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне кәсіби мерекеңіз құтты болсын деймін. Бұл шын мәнінде, нағыз еңбек адамдарының мейрамы екені сөзсіз. Диқандар, мал шаруашылығы мамандары, шаруалар – бәрі де еліміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосуда. Қажырлы еңбектеріңіз үшін Сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Ауыл шаруашылығы – экономикамыздың стратегиялық мәні айрықша саласы. Бүгін, міне, ауыл шаруашылығына арналған екінші форумды өткізіп жатырмыз. Алқалы жиынға ауыл-аймақтардан көптеген білікті мамандар арнайы келіп, қатысып отыр. Сондықтан бүгінгі форумды жалпыұлттық ауқымдағы басқосу деуге болады. Жаңа сөз сөйлеген азаматтар салмақты ойларын айтты, ұсыныстарды мұқият қарап, міндетті түрде ескеру қажет.

Ауыл шаруашылығы әрдайым мемлекет назарында. Президент ретінде мен осы саланың қарқынды дамуына ерекше мән беремін. Халқымыз «Егін ексе – ел тоқ» деп бекер айтпаған. Былтыр біз мол астық алып, соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткіздік. Биыл да күзгі жиын-терін берекелі болды. Диқандарымыз 27 миллион тонна астық жинады. Әр аймақ ел қамбасына мол үлес қосты. Соның ішінде Ақмола облысы ең жоғары көрсеткішке (7,5 миллион тонна) ие болды. Қыркүйек айында егін орағының барысын көру үшін облысқа арнайы барғанымды білесіздер.

Қазір халқымыздың 37 пайызы, яғни 7,5 миллион адам ауылда тұрады. Ауыл – халқымыздың тамыры, рухани қазығы. Бұрын солай болған, болашақта да солай болып қала бермек. Түптеп келгенде, ауыл шаруашылығын дамыту мәселесіне жалпы ауыл-аймақтарды, яғни бүкіл елді дамыту деп қараған жөн. Осы бағытта біз соңғы жылдары ауқымды реформалар жүргізіп жатырмыз. Еліміздің негізгі көрсеткіштері тұрақты. Биылғы он айда экономикамыз 6,4 пайызға өсті. Соның ішінде ауыл шаруашылығы да қарқынды дамуда. Жыл басынан бері осы саладағы негізгі капиталға салынған инвестиция 20 пайыздан астам өсіп, 790 миллиард теңгеге жетті. Ал еңбек өнімділігі үш жылда 37,3 пайызға артты. Қазақстан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі рейтингі бойынша (Global Food Security Index) 32-ші орында тұр. Бұл – жақсы көрсеткіш. Бірақ бұл мәз болып, қол қусырып отыруға болады деген сөз емес. Себебі ашығын айтуымыз керек, біз ауыл шаруашылығының орасан зор әлеуетін әлі де толық қолданбай отырмыз. Еліміз жайылымдық жер аумағы бойынша әлемде 6-шы орын алады. Ал егіс алқабы бойынша 8-ші орында тұр. Демек қолымызда қажетті ресурс бар, тек соны тиімді пайдалануымыз қажет. Соңғы он жылда ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,5 еседен астам өсті, яғни 3,3 триллион теңгеден 8,3 триллион теңгеге дейін көбейді. 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті тағы 2 есе арттыруымыз керек. Бұл – біздің қолымыздан келетін шаруа.

Ұлттық даму жоспарымыз бар, мақсат-міндеттеріміз де – айқын. Бізге керегі – сапалы жұмыс пен нақты нәтиже. Сол себепті алдымен ауыл шаруашылығын дамыту үшін ерекше назар аударатын өзекті мәселелерге тоқталып өткім келеді.




**БІРІНШІ.** Мал шаруашылығының әлеуетін барынша пайдалану қажет. Біз бұған дейін егін шаруашылығын дамыту бағытында біраз жұмыс жүргіздік, жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Енді мал шаруашылығына баса мән беруіміз керек. Байтақ даламыздың барлық аймағында жыл он екі ай бойы мал бағуға болады. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдалану қажет.

Жолдауда мал шаруашылығы саласындағы агробизнесті қолдау жоспарын әзірлеуді тапсырдым. Мақсат – мал басын еселеу. Сол арқылы Қазақстанның халықаралық нарыққа ет жеткізуші ірі ел ретіндегі мәртебесін бекіте аламыз. Бұл мұратқа жету үшін мал шаруашылығын дамытуға оңтайлы жағдай жасау қажет. Ет бағытындағы мал шаруашылығының жүйелі өндірістік циклін енгізу жұмыстарын жалғастырған жөн. Жайылымдық жерлерді тиімді әрі ауыстырып пайдалану тәсіліне баса мән берген дұрыс.

Ветеринария саласындағы жағдай мәз емес екенін мойындау қажет. Ең алдымен, бұл саланы материалдық-техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету керек. Мал дәрігерлерінің еңбек жағдайын жақсарту қажет, ветеринар мамандарды ынталандыру шараларын қарастырған жөн. Ветеринария саласының инфрақұрылымын күшейтуге қатысты жұмысты тиімді түрде жалғастыру керек.

**ЕКІНШІ.** Бұл – жер мәселесі. Халық жердің игілігін көруі керек. Жолдауда мемлекетке қайтарылған жерді келесі жылдың ортасына дейін түгелдей тұрақты айналымға енгізу туралы тапсырма бердім. Әкімдіктердің осы мәселеге қатысты жоспарлары қағаз жүзінде қалып қоймауы керек. Ең бастысы, жер тағы да игерілмей, бос қалмауы қажет.

Үкімет қазір мал шаруашылығы саласындағы бизнесті қолдау жоспарын әзірлеп жатыр. Жайылымдық жерлер ауыл тұрғындарына және нақты жоспары бар инвесторларға берілуге тиіс. Келесі жылдың ортасында қабылданатын бұл құжатта осы мәселенің шешімдері айқын көрсетілуі керек. Тағы бір түйткіл – жерге берілетін кепілдік құнының төмен болуы. Кадастрлық бағалау жүйесі қазіргі нарықтағы шынайы ахуалға мүлдем сәйкес келмейді. Үкімет бұл мәселеге назар аударуы керек, кадастрлық құнды айқындау тәсілін қайта қарауға тиіс. Жер қатынастары саласындағы кедергілер қазіргі заманға сай шаруашылықтар құруға бөгет болып отыр. Мен Жолдауымда Үкіметке келесі жылдың соңына дейін Жер ресурстарының бірыңғай цифрлық картасын әзірлеуді тапсырдым. Құзырлы министрліктер осы маңызды жұмыс бойынша не істеліп жатқанын 7 күннің ішінде баяндауы керек.

Келесі мәселе. Жер телімдері электронды конкурс арқылы берілуі қажет. Жер алған азаматтардың ең басты міндеті – жерді тиімді игеру, яғни, берілген жерді кәдеге жарату. Бұған қоса, жер ресурстарына мониторинг жүргізу тәсілдерін қайта қарау қажет. Қазір ауыл шаруашылығы жерлеріне қатысты деректер толық емес. Мұндай ахуал жерге бақылау жасауға және игерілмей бос жатқан жерлерді қайтарып алуға кедергі келтіреді. Жерді бөліп-тарату үдерісі бойынша ақпарат ашық әрі қолжетімді болуы қажет.

**ҮШІНШІ.** Су тиімділігін арттырып, ирригациялық желілерді жаңғырту керек. Су қоймаларының шамамен 60 пайызы ауыл шаруашылығы еншісінде. Аграрлық салада суды тиімді пайдалану, сайып келгенде, елдегі бүкіл су экожүйесінің тұрақтылығына әсер ететін факторға айналып отыр. Агросекторда заманауи су үнемдеу технологиялары енгізіліп, суды көп қажет ететін дақылдар алқабы азайтылуда. Бұл үлкен жұмыстың басы ғана. Сарапшылардың есебінше, алдағы үш жылда су үнемдеуші технологиялар кемінде бір миллион гектарды қамтитын деңгейге жетеді.

Су шаруашылығын жаңғырту бойынша жұмыс жеткілікті, алайда бұл ауыл шаруашылығы саласын дамыту жоспарымен өзара байланысты болуға тиіс.

Біздің ведомстволар түрлі жоспарлар мен жол карталарын әзірлеумен әуестеніп кетті. Тіпті, оның көбі өз араларында келісілмейді, жүрдім-бардым жасалады. Мұндайды доғару керек.

Мемлекет жұмсаған әр тиынның қайтарымы болуға тиіс. Бұл даусыз. Қаржыны заманауи су пайдалану технологияларын белсенді қолданатын өңірлерге беру қажет. Сондықтан Ауыл шаруашылығы өндірісінің өңірлік жоспары Үкімет әзірлеп жатқан Су ресурстарын басқару жөніндегі бас жоспарына енгізілуге тиіс.

**ТӨРТІНШІ.** Агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру тәсілдерін жетілдіру керек. Елімізде өндірілетін техника жеңілдетілген лизингпен беріле бастады. Бұл әбден ескірген техниканы жаңартуға арналған өте тиімді шешім болды. Төрт жыл бұрын ауыл шаруашылығы техникаларының 90 пайызы тозып тұрған еді. Бұл көрсеткіш биыл 70 пайызға дейін төмендеді. Осы бағыттағы жұмысты бизнес өкілдерімен бірлесіп, әрі қарай жалғастыру қажет.

Жақында Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапарым кезінде John Deere компаниясымен бірге құны 2,5 миллиард доллар болатын стратегиялық серіктестік туралы келісімге қол қойылды. Соған сәйкес алдағы бес жылда елімізде 3 мыңға жуық заманауи техника шығарылады.

(Жалғасы 2-ші бетте)

# ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша президенттер мынадай құжаттарға қол қойды:

1. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің қорытындысы бойынша бірлескен мәлімдемесі;

2. Орталық Азия мемлекеттері басшыларының 2027-2028 жылдар аралығында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшелігіне Қырғыз Республикасының кандидатурасын ұсыну бойынша БҰҰ-ға мүше елдерге үндеуі;

3. Әзербайжанды Орталық Азия мемлекеттері басшыларының VII Консультативтік кездесуінің толық құқылы қатысушысы деп тану туралы шешім.

Орталық Азия мемлекеттері басшыларының бірлескен мәлімдемесіне сәйкес мынадай құжаттар қабылданды:

1. Орталық Азиядағы өңірлік қауіпсіздік, тұрақтылық және орнықты даму тұжырымдамасы;

2. Орталық Азиядағы қауіпсіздік тәуекелдері мен олардың алдын алудың 2026-2028 жылдарға арналған тізбесі.

**Ақорда.**



# CLEARBROOK ЖӘНЕ AG-TECH ЕЛІМІЗДЕ ЭНЕРГИЯ САҚТАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ САЛАДЫ

Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі, Clearbrook Energy Solutions (CES) компаниясы және қазақстандық AG-Tech Қазақстанда энергия сақтау жүйелерін (BESS) өндіретін зауыт салуға бағытталған өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, деп ҚР ЖИЦДМ баспасөз қызметі ведомствоның ресми сайтында жазды.

Құжатқа қол қою рәсімі Вашингтон қаласында өткен С5+1 бизнес-конференциясының аясында өтті. Жоба Қазақстанның энергетикалық ауысу стратегиясындағы маңызды қадам болмақ. Ол елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, жаңартылатын энергия көздерін интеграциялауға мүмкіндік береді. Жалпы инвестиция көлемі 350 миллион АҚШ долларын құрайды. Clearbrook компаниясы виртуалды электр станциялары мен энергия сақтауға арналған технологияларды ұсынса, AG-Tech - елдің энергетикалық инфрақұрылымына цифрлық сап жатыр. Clearbrook Energy Solutions компаниясы Қазақстан Үкіметі және AG-Tech компаниясымен серіктестік орнатуға мүмкіндік туғанына қуанышты. Бұл серіктестік Қазақстанның цифрлық экономикасын дамыту мен таза энергияға көшуінің негізі болатын заманауи энергия сақтау технологияларын жергіліктендіруге бағытталған», – деді Clearbrook компаниясының Орталық Азиядағы төрайымы Марсия-Элизабета Кристиан Фавале.

шешімдерді бейімдеу мен интеграциялауды қамтамасыз етеді.

«Бұл жоба Қазақстан үшін стратегиялық маңызға ие. Ол цифрлық инфрақұрылым мен ұлттық технологиялық жобаларды жүзеге асыруда маңызды болып саналатын тұрақты әрі сенімді энергия жүйесін құруға мүмкіндік береді», - деді Қазақстан Республикасының Премьер-министрінің орынбасары, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев.

«Қазақстан энергетикалық тәуелсіздігі мен цифрлық инфрақұрылымын нығайту бағытында батыл қадамдар жа-

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ:

# ХАЛЫҚ ЖЕРДІҢ ИГІЛІГІН КӨРУІ КЕРЕК

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ ЕКІНШІ ФОРУМЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНЕН ЫҚШАМДАЛЫП АЛЫНДЫ

(Соңы. Басы 1-бет-

**БЕСІНШІ.** Агроөнеркәсіп кешенін цифрландырумен нақты айналысқан жөн. Өздеріңізге мәлім, жаппай цифрландыру және барлық салаға жасанды интеллект технологиясын енгізу Жолдауымда басты міндет ретінде аталды. Ауыл шаруашылығы үшін мұның мәні өте зор. Себебі жаңа технологиялар шығынды айтарлықтай азайтып, өнімділікті ұлғайтуға мүмкіндік береді. Ақмола облысында өткен кеңесте жиналған өнімді тиісінше сақтау және шығынды мейлінше азайту шараларын қамтамасыз етуді тапсырдым. Еліміздегі көптеген шаруа қожалығының қаржылық тұрақтылығы осыған байланысты.

Алдымызда цифрлық технологиялар және жасанды интеллект элементтерінің көмегімен мемлекеттің бидай қорын есепке алатын және бақылайтын тиімді жүйе құру міндеті тұр. Ол үшін қоланыстағы астық қамбаларын жаңғыртып, заманауи элеваторлар салу қажет. Бидайды қабылдауды және жөнелтуді есепке алатын электрондық жүйенің болуы жеке элеваторлар құрылысын қаржыландыру бағдарламасының міндетті бір шарты болуға тиіс.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі ақпараттық жүйелерді оңтайландыруды жалғастырған дұрыс. Қазір олардың арасында байланыс мүлде жоқ деуге болады. Көп жағдайда шешімдер қате статистика негізінде қабылданады. Ұлттық ауыл шаруашылығы санағының нәтижесі саладағы нақты жағдайды көрсетуге тиіс. Жинақталған мәліметтер агросекторлағы цифрлық жүйелерді одан әрі дамыту мен жаңғыртуға негіз болады.

Үкімет Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, салалық ақпараттық жүйелерді интеграциялауды, сондай-ақ мәліметтер сапасын тұрақты түрде бақылауға алуы керек. Электронды агроөнеркәсіп кешені платформасының базасында саланы кешенді басқаруға ықпал ететін ауыл шаруашылығы мәліметтерінің бірыңғай архитектурасын қалыптастырған дұрыс.

**АЛТЫНШЫ.** Терең өңделген өнім шығаруға басымдық беру қажет. Еліміздегі агроөнеркәсіп кешені көбіне шикізат шығарумен шектеліп отыр. Мұны ашық айтқан жөн. Ауыл шаруашылығын жоғары технологияға негізделген озық сала ретінде дамыту – маңызды міндет.

**ЖЕТІНШІ.** Өнімдерімізді халықаралық нарыққа көптеп шығаруымыз керек. Еліміз астық экспорты бойынша әлемдегі жетекші 10 мемлекеттің қатарына кіреді. Сонымен қатар ұн экспорттау ісінде көш бастап тұр.

Елімізде органикалық өнімдер шығару стандарттары бекітілді. Осы бағыттағы жүйелі жұмысты жалғастыру қажет. Брендтерімізді кеңінен насихаттауға барынша қолдау көрсету – салалық құрылымдар мен елшіліктердің міндеті. Сарапшылардың болжауынша, алдағы 10 жылда әлемде мал етіне сұраныс 233 миллион тоннаға дейін ұлғаюы мүмкін. Қазақстан еттің осы түрін экспорттаушы ірі елдердің бірі бола алады. Алғашқы кезекте Азия елдерін қамтамасыз етуіміз керек. Қой етін экспорттауда еліміз Моңғолия, Нидерланд, Испания және Франция сияқты мемлекеттерден кейінгі орында тұр. Бірақ бізде жайылымдық жер жеткілікті. Қой шаруашылығының экспорттық әлеуетін толық таныту үшін жағдай жасау қажет.

Жолдауда аграрлық экспортты дамытудың жоспарын әзірлеу жөнінде міндет жүктедім. Бұл құжат логистиканы, ветеринариялық және фитосанитариялық стандарттарды, сондай-ақ сауатты маркетингтік стратегияны ескере отырып дайындалуы керек. Мәселен, Парсы шығанағы елдері біздің ет өнімдерін жыл бойы тасымалдауға ниетті. Бірақ бізде ауыл шаруашылығы өнімдерін әуе көлігімен тасымалдау ісі дұрыс үйлестірілмеген әрі тиісті деңгейде реттелмеген. Көп жағдайда кәсіпкерлер жүкті жеткізу мәселесін өздері шешуге мәжбүр. Бүгін маған тұрақты рейстермен Әмірліктерге ет жеткізіле бастағаны жөнінде мәлімет берілді. Бұл тәжірибені аса дұрыс деп айта алмаймыз. Сонымен қатар Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Қарағанды, Ақтау әуежайлары логистикасы дамыған әрі халықаралық әуе бағыттарымен интеграцияланған өңірлік хабқа айнала алады. Оларға арнайы экономикалық аймақтар аясында артықшылықтар берілген. Әуежайлардың толық қуатында жұмыс істеуі ауыл шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа үздіксіз жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл мәселені Үкімет жан-жақты пысықтауы керек.

Соңғы кездері ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерден жұмыс күші жетіспейтіні жөнінде көп өтініш түсіп жатыр. Бұл түйткіл, әсіресе, егін егу, жиын-терін науқанында, өндірісті кеңейту немесе жаңа нысандар құрылысы кезінде қатты сезіледі. Маман тапшылығы көршілес елдерден келетін еңбек мигранттары есебінен ішінара шешіледі. Шарулар квотаны көбейтуді сұрайды. Олардың талабын ішінара орындауға болатын шығар. Бұл өзі қызық жағдай: бірі ауылда жұмыс жоқ десе, енді бірі жұмысшы жетіспейді деп шағымданады. Әрине, жұмыс бар, бірақ онымен шұғылданатын адам аз. Мұны мойындау керек.

*Қадірлі қауым!*

Біз Жұмысшы мамандықтары жылында еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсетіп жатырмыз. Нағыз еңбек, қайнаған тірлік ауылда, ауыл шаруашылығында екені сөзсіз. Өз ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары, адал азаматтар қашанда табысқа жетеді. Былтыр мемлекеттік марапаттар жүйесіне «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері» атағы енгізілді. Еліміздің ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін 9 азаматқа бүгін алғаш рет осы құрметті атақты тапсырамыз.

Бүгін ортамызда Ақтөбе облысынан келген Амангос Төлеуов деген азамат отыр. Ол басқарып отырған кәсіпорын ауыл шаруашылығында зор табысқа жетіп, аймақ тұрғындарын сапалы азықтүлікпен қамтамасыз етіп келеді. Мен еліміздің агроөнеркәсіп саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін Амангос Сансызбайұлы ТӨЛЕУОВКЕ «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы Жарлыққа қол қойдым.

Жақында Республика күні қарсаңында қырық бес жылдық тәжірибесі бар механизатор Мұрат Қаражұманов та Еңбек Ері атағын алды. Ауыл шаруашылығы саласы мамандарының ең жоғары мемлекеттік марапатқа ие болуы – заңды құбылыс. Себебі, бұл – халқымыздың нағыз еңбек адамына көрсетіп жатқан зор құрметі және шынайы ықыласы.

**Ақорда.**

# ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚТАН II ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТУРИСТІК ОРЫНДАРЫН АРАЛАЙДЫ



Биыл «Дене шынықтыру және спорт туралы» ҚР Заңына бірқатар өзгеріс енгізілді. Оның ішінде ұлттық, олимпиадалық, паралимпиадалық, сурдлимпиадалық спорт түрлері теңестіріліп, басым спорт түрлері қатарына кірді. Қазір елімізде 11 ұлттық спорт түрі дамып келе жатыр. 200 мыңнан астам азамат тоғызқұмалақпен шұғылданады. Ал, жалпы 600 мыңнан астам адам ұлттық спорт түрлерімен айналысады. Олар барлық спортшының 9,6%-ын құрайды. Бұл туралы ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Аманбай Нұрмұханбетов ОКҚ алаңында мәлімдеді.

Оның айтуынша, ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне ұлттық спорт түрінің төртеуі енгізілді: құсбегілік, қазақ күресі, асық ату және тоғызқұмалақ.

«Тоғызқұмалақ спорт түрі елімізде қарқынды даму үстінде. Алматы қаласында 17-23 қараша аралығында жасөспірімдер арасында тоғызқұмалақтан II Әлем чемпионаты өткізіледі. I Әлем чемпионаты 2023 жылы Алматы қаласында өткізілген. Республикалық федерация тарапынан үлкен жұмыс жүргізіліп, 2 жылда 1 рет өткізілетін болып бекітілген», – деді спикер.

Тоғызқұмалақтан жасөспірімдер арасындағы II Әлем чемпионатына 20 елден спортшылар қатысады. І чемпионатта 16 елдің өкілдері бақ сынасқан. Биылғы жарыста классика онлайн/офлайн; рапид пен блиц офлайн өтеді.

Алматы қаласы тоғызқұмалақ спорт түрінің астанасы болып бекітілді. Жергілікті атқарушы органдар II Жасөспірімдер арасындағы тоғызқұмалақтан Әлем чемпионатына қарқынды дайындық жүргізіп жатыр. Биыл жарыспен қоса, туризмді дамытуға да басымдық беріліп отыр. Келген делегациялар шаһардағы туристік орталықтарды аралайды деп көзделген. Бұл туралы ҚР Тоғызқұмалақ спорт федерациясының президенті Әкім Тұрсұн ОКҚ алаңында өткен баспасөз мәслихатында айтты.

Оның хабарлауынша, отандық медициналық туризмді насихаттауға да ерекше назар аударылады.

«Алматы қаласындағы бірнеше медициналық орталық осы шараға қатысу жайында ұсыныстарын білдірді. Бізде де арзан, тиімді және өте жоғары сапалы медициналық көмек көрсетілетінін паш еткіміз келеді», – деді спикер.

Айта кетерлігі, биылғы чемпионатқа 140 шетелдік спортшы келеді деген жоспар бар. Қазақстан намысын 60-қа жуық адам қорғайды. Қазір әлем мемлекеттері тарапынан тоғызқұмалақ ойнауға қызығушылық артып келеді. Әсіресе, Пәкістан, Мексика, Румыния, Оңтүстік Корея елдері арасында сұраныс жоғары. Мәселен, Исламабад қаласында екі ел бірлесіп спорт кешенін салып жатыр, Сол жерде қазақ күресі, тоғызқұмалық сынды спорт түрлері дамытылады.

# АЛҒАШ РЕТ КӨКБАУЫРДЫ ТІЛІКСІЗ АЛЫП ТАСТАУ ОТАСЫ ЖАСАЛДЫ



Шымкент қалалық №1 клиникалық ауруханаының хирургтары көкбауырды алып тастау бойынша эндовидеолапароскопиялық отаны алғаш рет сәтті орындады. Заманауи технологияға негізделген бұл әдіс үлкен тілік жасамай, арнайы бейнеқұралдар арқылы жүргізілетін қауіпсіз әрі тиімді тәсіл болып саналады.

Қараша айының басында ауруханаға түскен 35 жастағы азамат бала кезінен тұқым қуалайтын микросфероцитозбен (Минковский–Шоффар синдромы) ауыратын. Соңғы уақытта оның жағдайы нашарлап, сарғаю үдеп, әлсіздік күшейген. Тексеру қорытындысы көкбауырды алып тастау қажеттігін көрсетті.

Арнайы дайындықтан кейін дәрігерлер аталған отаны алғаш рет тіліксіз әдіспен орындап, азғаны қауіпті жағдайдан құтқарды. Қазір науқастың жағдайы тұрақталып, көрсеткіштері қалыпқа келіп, амбулаторлық бақылауға жіберілген.

Тіліксіз әдістің негізгі артықшылықтары:

- үлкен тілік жасалмайды, ауырсыну әлдеқайда аз;
- қалпына келу мерзімі қысқарады, науқас күнделікті өмірге тез оралады.

Бұл отаның сәтті орындалуы — шымкенттік дәрігерлердің кәсіби мүмкіндігінің кеңейгенін көрсететін маңызды жетістік.

# МЕГАПОЛИСТЕ ЕКІ ЖАҢА АШЫҚ МҰЗ АЙДЫНЫ АШЫЛУҒА ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР



Шымкент қаласында тұрғындардың қысқы демалысын қызықты әрі қауіпсіз өткізу мақсатында ашық аспан астындағы мұз айдындарын іске қосу жұмыстары басталды. Қала аумағында екі ірі мұз алаңы жеке кәсіпкерлердің қолдауымен салынып жатыр.

Алғашқы мұз айдыны Байтұрсынов көшесіндегі Спорт сарайының жанында бой көтеруде. Оның жалпы аумағы — 550 мҮ (34Ч17 метр). Бұл жерде айына 20–30 мыңға жуық адамның демалу мүмкіндігі қарастырылған.

Екінші мұз айдыны Арбат аллеясында орналасады. Аумағы үлкен — 1830 мҮ (150Ч12,5 метр). Мұнда ай сайын 50–60 мың келушіге дейін қабылдау жоспарланған.

Аталған бастама қала тұрғындары мен қонақтарына қолайлы жағдай жасап қана қоймай, мегаполистің спорттық әрі мәдени өмірін жандандыруға бағытталған.

Туризмге әсері

Шымкентте ашық аспан астындағы мұз айдындарының іске қосылуы қала туризміне де оң ықпал етуі күтіледі. Қыста келушілер саны төмендейтін кезеңде жаңа демалыс аймақтарының ашылуы ішкі және сырттан келетін туристер ағынын арттыруға мүмкіндік береді. Арбат аллеясындағы ірі мұз айдыны, әсіресе, қаланың орталығындағы басты серуен бағытына қосымша тартымдылық беріп, қыстық атмосфераны күшейтеді.

Спорт сарайы жанындағы мұз алаңы да отбасылық демалыс пен белсенді ойын-сауық іздейтін туристер үшін қолайлы орынға айналмақ. Келушілер санының айына 70–90 мыңға дейін жетуі жоспарланып отырған бұл нысандар маусымдық туризмді күшейтіп, қала экономикасына қосымша кіріс әкеледі.

Жаңа инфрақұрылымның ашылуы мегаполистің "қыстық мәдени-спорттық хаб" ретінде танылуына ықпал етіп, Шымкенттің туристік тартымдылығын арттырады.

# БАСҚАРМАЛАРДЫҢ ОН АЙЛЫҚ ЖҰМЫСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Шымкентте Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтіп, онда бірқатар басқарма басшылары жыл басынан бері атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді. Жиынға Дін істері басқармасының басшысы Серғазы Әбілхаиров, Орта сапасы және бақылау басқармасы басшысының орынбасары Малик Абдинуров, Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Рзабек Меңдіқұлов және Мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Ниязбеков қатысып, өз салаларындағы негізгі көрсеткіштер мен өзекті мәселелерді ортаға салды.

Алғаш болып сөз алған Серғазы Әбілхаиров қаладағы діни ахуалдың тұрақтылығын сақтау және рухани қауіпсіздікті нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Оның мәліметінше, Шымкентте 12 конфессияны біріктіретін 32 діни бірлестік ресми тіркелген. Соңғы он айда діни экстремизмнің алдын алу мақсатында 5 мыңға жуық іс-шара өтіп, оған 500 мыңнан астам қала тұрғыны қатысқан.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерде ақпараттық-ағартушылық сипаттағы 4,5 мыңнан астам материал жарияланып, миллионнан астам қаралым жинаған. Басқарма басшысы қоғамдағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында мемлекеттік құрылымдармен қатар бұқаралық ақпарат құралдары мен азаматтық қоғам өкілдерінің ортақ әрекеті маңызды екенін атап өтті.

# ШЫМКЕНТТЕ ЗАМАНАУИ МУЗЫКАЛЫ-ЛАЗЕРЛІ СУБҰРҚАҚ АШЫЛДЫ

Мегаполистегі «Көл» демалыс аймағында заманауи музыкалы-лазерлі субұрқақ салтанатты түрде іске қосылды. Бұл – Шымкенттегі лазерлік, жарық және отты шоуды біріктірген алғашқы кешенді субұрқақ болып табылады.

Субұрқақ кешкі және түнгі уақытта жарық, музыка және отты көріністердің үйлесімі арқылы тұрғындар мен қала қонақтарына ерекше әсер сыйлайды. Жүйе музыкалық композицияларды қалыпты ырғақта да, лазер сәулелі динамикалық шоулар ретінде де орындай алады. Барлық техникалық элементтер шетелде әзірленіп, монтаждау кезінде энергетиимді және автоматтандырылған басқару шешімдері қолданылған.

Жұмыс кестесі:

- 18:00–18:20
- 19:00–19:20
- 20:00–20:20
- 21:00–21:20
- 22:00–22:20

Субұрқақтың ашылуы қаладағы демалыс инфрақұрылымын дамытуға, жайлы ортаны арттыруға және тұрғындар мен қонақтардың қызығушылығын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып отыр. «Көл» демалыс аймағындағы жаңа кешен алдағы уақытта мегаполистің көрікті орындарының біріне айналуы күтілуде.

Бұл туралы Шымкент қаласы әкімдігінің ресми өкілі, қала әкімінің орынбасары Сәрсен Абайұлы Құранбек хабарлады.



Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАФАТ.

# АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕМІНДЕ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАЙҚАЛУДА

Шымкент қалалық Психикалық денсаулық орталығының бас дәрігері Болат Медетов балаларға арналған жалпы психиатриялық бөлімшеде болып, емдеу процесімен және қызмет сапасымен танысты. Ол палаталардың жағдайын көріп, медициналық мамандармен әңгімелесті және көрсетілетін көмектің тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар ұсыныстарды талқылады.

Бөлімшеде балалардың қауіпсіз әрі қолайлы ортада ем алуына, тың терапия әдістерінің дұрыс ұйымдастырылуына ерекше көңіл бөлінген. Бас дәрігер медицина қызметкерлеріне жанашырлықпен еңбек еткені үшін алғыс білдіріп, олардың кәсіби біліктілігін ерекше атап өтті.

Аталған психиатриялық бөлімше 25 төсек-орындық тәулік бойғы және 10 төсек-орындық күндізгі стационар ретінде жұмыс істейді. Ол психикалық, эмоционалдық және мінез-құлық ауытқулары бар балаларға кешенді медициналық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсетуді мақсат етеді.

Биылғы 10 айда мұнда 403 бала емделген, оның 123-іне аутизм диагнозы қойылған. Емдеу барысында заманауи тәсілдер мен арнайы психотерапиялық, коррекциялық бағдарламалар қолданылып, әр балаға жеке жоспар құрастырылған.

Нәтижесінде бөлімшеде ем қабылдаған балалардың барлығында оң динамика тіркелген: мінез-құлық дағдылары жақсарып, қарым-қатынас жасау қабілеті артып, танымдық функцияларда да айтарлықтай алға жылжу байқалды.

# ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДӘРІПТЕГЕН ФЕСТИВАЛЬ

Көрме орталығында алғаш рет ұйымдастырылған «Арман Шыңы» республикалық инклюзивті шығармашылық фестивалі өнерге, шабытқа және үлкен жүректі жандардың талантын тануға арналған ерекше мерекеге айналды. Фестиваль алаңы қуаныш пен сезімге толып, қатысушылардың өнер арқылы жеткізген жүрек үні залда ерекше атмосфера қалыптастырды.

Шараның негізгі мақсаты – көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтардың шығармашылық қабілетін кеңінен таныту, қоғамда инклюзивті мәдениетті дамыту және тең мүмкіндіктер қағидатын нығайту. Фестиваль талант пен төзімнің, ерік пен жігердің тоғысқан алаңы болды.

Республикалық деңгейде алғаш рет өткен бұл шараға Алматы, Тараз, Өскемен, Қарағанды, Семей, Павлодар қалаларынан және арнайы кітапханалардан келген талантты 30 қатысушы жиналды. Олар тактильді өнер, хореография, әдеби шығармашылық, музыкалық өнер және театр өнері бойынша сынға түсті.

Әрбір қатысушы өз өнері арқылы өмірге деген сенімін, ішкі әлемін және шексіз рухын көрсетті. Көру қабілетінен айырылса да, олардың шығармашылығы мен жігері еш шектелмегенін фестиваль тағы бір мәрте дәлелдеді.

Фестиваль инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға, ерекше жандардың қоғамдағы орнын нығайтуға бағытталған маңызды қадам болды.

# ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРҒА ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТТАР БЕРІЛДІ

**Шымкент қаласында әлеуметтік осал санаттағы азаматтарды қолдау мақсатында 99 тұрғынға 400 АЕК-ке дейінгі (1 572 800 теңге) қайтарымсыз гранттар бөлінді. Мемлекеттік қолдаудың III легінде жалпы 398 өтінім қаралған.**

**Комиссияның оң шешімін алғандардың қатарында 52 жеке кәсіпкер және 47 жұмыссыз азамат бар. Жыл басынан бері қалада 432 адам қайтарымсыз грант алған. Жеңімпаздардың көпшілігі әлеуметтік осал топтардан шыққан: көп балалы 55 отбасы, мүгедектігі бар 21 азамат, 17 ерекше баланы тәрбиелеп отырған ата-ана, асыраушысынан айырылған 5 адам және 1 атаулы әлеуметтік көмек алушы.**

**Гранттардың негізгі мақсаты – азаматтарды кәсіпкерлікке ынталандыру, жаңа жұмыс орындарын құру және қала экономикасын дамыту. Қаржы қайтарымсыз берілсе де, оның мақсатты жұмсалуы қатаң бақыланады. Еңбек мобильділігі орталығында арнайы мониторинг тобы жұмыс істеп, жобалардың орындалуын қадағалайды; егер қаржы мақсатсыз жұмсалса, ол мемлекетке қайтарылады.**

**Өтініштер eHbek.business.kz порталы арқылы онлайн қабылданып, үміткерлер өз бизнес-жобаларын комиссия алдында қорғайды. Жобалар әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсетіп қана қоймай, қаладағы кәсіпкерлікті дамытуға үлес қосады деп күтілуде.**

# БІЛІКТІ ЖУРНАЛИСТ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ



Қазіргі таңда әлем бір сәтте өзгеріп, ақпарат ағымы секундына мыңдаған деректі алға тартып жатқан кезеңде журналистиканың жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсті. Халыққа жеткізілетін жаңалықтың деректілігі, ақпараттың тазалығы, қоғамның санасына әсер ететін әрбір мәтіннің дұрыс құрылуы – кәсіби журналистің беделі мен біліктілігін көрсететін басты өлшем. Сондықтан медиасауаттылық пен ақпаратты талдай білу мәдениеті тек журналистерге ғана емес, жалпы қоғамға ауадай қажет құндылыққа айналып отыр. Осы бағытта Шымкент қаласында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті республикалық деңгейдегі маңызды семинар ұйымдастырды. Іс-шара Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырмасымен өтті. Семинар «Халықтың медиасауаттылығын дамыту және медиасаласы мамандарының біліктілігін арттыру» тақырыбына арналды. Жиынға өңірлік баспасөз өкілдері, тәжірибелі журналистер, жоғары оқу орындарының оқытушылары, студенттер мен медиа сарапшылар қатысты. Семинар қатысушылары алдымен университеттің ғылыми-тарихи мұражайын аралап көрді. Бұл мұражай тек оқу орнының тарихын таныстыратын ғана емес, тұтас өңірдің мәдени-рухани дамуының айнасы іспетті. Онда Оңтүстік Қазақстанның қалыптасу кезеңдеріне қатысты құнды жәдігерлер, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің еңбектері, тарихи фотосуреттер, қолжазбалар мен сирек кездесетін мұрағат материалдары жинақталған. Қонақтар университеттің жетпіс жылдан астам уақыт ішінде қалыптасқан ғылым, білім және мәдениет саласындағы орасан зор жетістіктерімен танысып, оқу ордасының бүгінгі даму қарқыны мен өңірге қосып отырған үлесіне жоғары баға берді. Мұражайдан кейін қатысушылар университет қабырғасында жаңадан іске қосылған заманауи телестудияға барды. Бұл студия – болашақ журналистердің кәсіби дағдыларын тәжірибеде шыңдауға арналған кешенді алаң. Толықтай цифрлық жүйемен жабдықталған студияда студенттер бейнемонтаж жасауды, кадр құруды, камерамен жұмыс істеуді, дикторлық шеберлікті меңгереді. Сонымен қатар жаңалық дайындаудың толық циклі – ақпарат жинаудан бастап эфирге беруге дейінгі барлық процесс тәжірибе жүзінде үйретіледі.

Медиа қызметі орталығының басшысы өз сөзінде: «Бүгінде ақпарат саласы тек теориямен шектелмейді. Әр студент еңбек нарығына дайын болып шығуы үшін тәжірибелік орта қажет. Біз бұл студия арқылы жас журналистердің кәсіби қабілеттерін ерте қалыптастыруды мақсат тұтып отырмыз», – деді. Семинардың негізгі бөлігінде медиа саласының өзекті мәселелері ашық талқыланды. Қатысушыларға ақпарат шынайылығын тексеру әдістері, манипуляцияның түрлері, жалған жаңалықтарды анықтау тәсілдері, медиамәдениет, фактчекинг стандарттары жөнінде жан-жақты мәлімет берілді. Сарапшылар ақпараттың дұрыстығын анықтай алмайтын қоғамның фейк жаңалықтарға тез еріп кететінін, бұл өз кезегінде қоғамдық пікірдің бұрмалануына, әлеуметтік тұрақсыздыққа және адасқан көзқарастардың қалыптасуына әкелетінін атап өтті. «Медиасауатты адам – қоғамның ең сенімді қорғаушысы. Ол ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, сараптап, салыстырып, талдай алады. Осындай азаматтардың көп болуы – мемлекеттің ақпараттық иммунитетін күшейтеді», – деді ұйымдастырушылар.

Семинарға арнайы шақырылған «Айғақ» телеарнасының бас редакторы Ұлжан Қасымжанқызы «Салалық журналистиканы қалай дамытамыз?» тақырыбында мазмұнды баяндама жасады. Ол медициналық, мәдени, экономикалық, спорттық, құқықтық журналистика сияқты салалардың қоғамдағы рөлі күшейгенін, әр саланың өз ерекшелігі бар екенін, сондықтан журналистердің терең сарапшылық қабілеті болуы керектігін айтты. Редактор контент сапасын арттыру, аудиториямен кері байланысты нығайту, сарапшылармен кәсіби байланыс орнату, зерттеушілік журналистикаға көңіл бөлу мәселелерін де егжей-тегжейлі тарқатып берді. Жиын барысында «Қазіргі БАҚ-тағы қазақ тілінің сауаттылығы», «Журналист этикасы», «Заманауи медиа үдерістері», «Жасанды интеллекттің журналистикаға ықпалы» сияқты тақырыптар қозғалды. Жасанды интеллекттің мүмкіндігі туралы пікірталас қатысушылар арасында үлкен қызығушылық тудырды. Мамандардың пікірінше, жасанды интеллект кейбір техникалық процестерді жеңілдеткенімен, журналистік зерттеу, адам эмоциясын сезу, әлеуметтік мәселені көтеру, әділдік үшін күресу сияқты адамға ғана тән функцияларды алмастыра алмайды. «Журналист – қоғамның жанды бөлігі. Ал жасанды интеллект – тек құрал. Сондықтан нағыз журналистиканың маңызы ешқашан жойылмайды», – деді сарапшылар. М.Әуезов атындағы оқу ордасында журналистика мамандығы ашылғалы алты жыл өтті. Осы аралықта университет өңірлік және республикалық арналарға көптеген білікті түлек дайындап шығарды. Олардың дені бүгінде телеарналарда, баспасөз редакцияларында, продакшн студияларда, мемлекеттік мекемелердің ақпарат бөлімдерінде табысты еңбек етіп жүр. Оқытушылар құрамының тәжірибесі, оқу бағдарламасының заманауи стандарттарға сәйкестігі, студенттердің шығармашылық белсенділігі — бұл мамандықтың бәсекеге қабілеттілігін арттырып келеді.

Қоғамға ой тастайтын, халық пен билік арасындағы алтын көпір бола білетін, әділдікті ту еткен журналист – әрқашан жауапты мамандық иесі. Ақпарат саласында кәсіби, сауатты, әдебі жоғары журналистердің болуы — қоғам дамуының, мемлекеттің тұрақтылығы мен келешек ұрпақтың ақпараттық мәдениетінің кепілі. Шымкентте өткен бұл семинар – медиа саласының кәсіби деңгейін арттыруға, жас журналистерді тәжірибеге бағыттауға, өңірде сапалы контент қалыптастыруға арналған маңызды қадам. Осындай мазмұнды шаралар көбейе берсе, еліміздің ақпарат кеңістігі нығайып, журналистика саласы білікті мамандармен толықпақ. Ал білікті журналист – шын мәнінде қоғамның айнасы.

## ТҮРКІСТАН ӨҢІРІНДЕ ТАРИХИ ТУРИЗМДІ ЖАҢҒЫРТУҒА ЖАҢА СЕРПІН БЕРІЛЕДІ



Түркістан облысында тарихи-мәдени туризмді дамытуға бағытталған жаңа бастамалар қолға алынбақ. Бұл мәселе облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаевтың төрағалығымен өткен жиында жан-жақты қаралды. Ол саланың қарқынын күшейтіп, өңірдің бай тарихи мұрасын тиімді пайдалану қажеттігін атап өтті.

Алтаев өңірдегі киелі нысандар мен мәдени ескерткіштердің мүмкіндігін толық ашу үшін креативті жобалар ұсынуды, сондай-ақ халықаралық деңгейдегі мәдени және спорттық шараларды көбейтуді тапсырды. Оның айтуынша, жуырда Түркістанда талапқа сай жаңа атшабардың ашылуы туризмге қосымша серпін береді.

Соңғы деректерге сүйенсек, облыста туризм саласының көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда өсім берді. Табиғаты көркем, тарихы терең өңірге келген қонақтар саны 830 мыңнан асып, өткен жылмен салыстырғанда 13 пайызға артқан.

Түркістан облысы — Қазақстандағы ең бай тарихи және мәдени мұра шоғырының бірі. Мұнда 1700-ден астам ескерткіш бар. Сонымен қатар өңірде 250-ден астам орналастыру орындары мен 100-ден астам санаториялық-курорттық мекемелер қызмет көрсетеді.Жиын соңында Ертай Алтаев жауапты басқармаларға туристер санын көбейтуге, жаңа жобаларды жүзеге асыруға қатысты нақты міндеттер жүктеді.

## ҮШ МЕКТЕПТІҢ МӘСЕЛЕЕСІ ШЕШІЛДІ

Арыс қаласының «Тараз» ықшамауданында «Келешек мектептері» жобасы бойынша салынған жаңа №2 мектеп оқушыларды қабылдай бастады. Бұл нысанның іске қосылуы қаладағы үш бірдей мектептегі орын тапшылығы мәселесін толық шешіп, оқу жағдайын айтарлықтай жақсартты.

Мектеп директоры Талғат Сағатұлының айтуынша, білім ошағы Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан бағдарлама аясында бой көтеріп, жаңа оқу жылы қарсаңында пайдалануға берілді. Оның сөзінше, жаңа мектептің ашылуы бұған дейін шамадан тыс жүктememен жұмыс істеп келген И.Журба, С.Ерубаев және «Ынтымақ» мектептеріндегі қиындықтарды жойып, оқу процесін тұрақтандырған. Кең әрі жарық кабинеттер оқушыларға жайлы орта қалыптастырса, мұғалімдердің жүктемесі де азайған.

Жаңа мектепте сапалы білім алуға барлық жағдай жасалған. 600 орындық білім ордасында қазіргі таңда 515 оқушы оқиды, 49 мұғалім еңбек етеді. Оқу орны 56 арнайы жабдықталған кабинетпен қамтамасыз етілген: бастауыш сынып бөлмелері, робототехника мен STEM зертханасы, сенсорлы және хореография бөлмелері, логопед, психолог, әлеуметтік педагог кабинеттері бар. Сонымен бірге аспаздық және шеберхана сыныптары, толық жарақталған жаратылыстану бағытындағы пән кабинеттері де қолжетімді.

Мектептің спорт және мәдени инфрақұрылымы да кеңейтілген. Мұнда екі спорт залы, футбол, волейбол, теннис және баскетбол алаңдары, АӘД бойынша арнайы орын, бастауыш сыныптарға арналған ойын аймақтары қарастырылған. Сондай-ақ 170 орындық асхана мен 130 орындық АКТ залы жұмыс істейді.

Айта кетейік, Түркістан облысында «Келешек мектептері» жобасы аясында 29 білім нысанының құрылысы аяқталу сатысында.

## ТӨЛЕБИДЕ СПОРТ КЕШЕНІ БОЙ КӨТЕРЕ БАСТАДЫ

Түркістан облысының Төлеби ауданындағы Киелітас ауылдық округінде заманауи спорт кешенінің құрылысы ресми түрде басталды. Нысанның іргетасына уақыт капсуласы қойылып, алғашқы қазығы қағылған шараға аудан әкімі Еркеғали Әлімқұлов, «Шымкентцемент» компаниясының басшысы Иван Пак және аудандық мәслихат депутаттары қатысты.

Жаңа кешен тек спорт нысаны ғана емес — жастардың дамуына жол ашатын, денсаулықты нығайтуға бағытталған маңызды әлеуметтік жоба. Аудан әкімі Еркеғали Амантайұлы бұл құрылыс елдің ертеңіне салынған инвестиция екенін атап өтіп, оның өңір жастары үшін үлкен серпін беретінін жеткізді.

Спорт кешенінің көлемі 1203 мҮ құрайды, ал 800 м2 аумақта ашық футбол алаңы салынуда. Ғимарат 150–200 адамды қабылдай алады. Мұнда футбол, мини-футбол, күрес, бокс, баскетбол, волейбол, фитнес және жаттығу залдары жұмыс істейтін болады.

Жоба аудан әкімдігі, «Шымкентцемент» серіктестігі және «Киелі Қазығұрт» мекемесі арасындағы үш жақты меморандум аясында жүзеге асуда.

Айта кетейік, бүгінде Төлеби ауданында бұқаралық спорт саласы қарқынды дамып келеді. 51 мыңнан астам тұрғын тұрақты түрде дене шынықтырумен айналысып, 225 спорт нысаны халыққа қызмет көрсетіп жатыр.

Бетті дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.

Түркістан облысының әкімі: **Н.КӨШЕРОВТІҢ**
«Аманат» партиясының Түркістан облысытық филиалының төрағасы **А.УМБЕТАЛИЕВТІҢ** назарына



# САМАРҚАНД
## САПАРЫНЫҢ САБАҚТАРЫ



Ел көру, жер көру – үлкен мектеп, үлкен сабақ! Саяхат, сапарға шыққан сайын, өз елім мен өзге елдің өрісін, жеңісін салыстырып, ой орманында адасамын. Себебі, өмір соқпағы – күнделікті күрес, үздіксіз үміттен тұрады. Қ.Р.Президенті Қ.Тоқаев "Туризм – жаһандық жандану, экономикалық дамудың жаңа бағыты. Туризмді дамыту – ел болашағын дамыту" – деп шуақты шешімге келсе, расында да керуен күн күмбезі - туризм.

Азия аймағының қайталанбас құбылысы сымбатты Самарқанд шаһарын көру көптен бергі жоспарымда болған. «Сайрам турист» мекемесімен хабарласып, жүрегі бір, тілегі бір, түбегі бір - Жақсылық аға екеуміз жолға жиналдық. Себебі, күнделікті бітпейтін жұмыстардан бас тартып күн суытпай тұрғанда баһадүр бабаларға бас иіу, Құран бағыштау перзенттік парыз. Әлқисса, біз мінген Газель автокөлігіне 12-13 сапарластар жайғасты. Көбісі мектеп оқушыларының каникулын күткен ұлағатты ұстаздар қауымы. Шырайлы Шымкенттен Қапланбек бекетіне күн ұясы қонған сәтте жеттік. Егіз қозыдай еншісі бөлінбеген екі елдің жұмыс жемісін салыстыра сөз етсем бұл сараңдық емес - адамдық, азаматтықтың асқар шыңы. Дана бабалар «Білмегеніңді үйрен, жамандығынан жирен» демей ме? Туризм саласындағы саяхат, сапарды көксеген «Атқа мінерлер» құлақ түрейік, кемшілігімізді білейік.

**1. Кеден саласы.**

Шындығы Өзбекстан мемлекетіне өтушілердің қарасы көп, ағылған адамдар. Біз жаққа өтушілер өте аз, сыры неде екен? Ойланатын оймақтай ой – көрші елдің қадағалаушы қызметкерлерінде талап-тәртіп өте қатал. Бізді 5-6 жерден қайта тіркеп, тексерді. Төлқұжатында қателігі бар азаматтар кері қайтарылып жатты. Есесіне «Кең халықтың» кең жүректі «заң-заңғарлары» әдеттегідей еркіндікке салынған. Көкесі көк тіреген жерлестер жұмысты жандандырайық, ойланайық. Кеңдік кейде жарға жығып, қылмысқа жол ашады!!! Әлқисса, сапарымыз сәтін салып, көрші елдің аймағынан Қазақстандық қонақтарды жап-жаңа, тап-таза жеңіл автокөлік күтіп алды. Құдайы көршілердің жүректері жылы, мінездері мейіз:

-Қош келдіңіздер қазақ бауырлар!

-Жақсы демалыс болсын! Ташкентте ауа-райы 20-25 градус жылы, шешініп жеңіл отырыңыздар.

Самарқанд шаһары – 345 км аралықта жатыр. Жол ұзақтығы 6-7 сағат. Жолда Жызаққа кідіріп, шай ішеміз. Таңғы 5-6 шамасында Самарқанда боламыз. Сұрақтарыңыз барма? Не деген мейір, не деген көзқарас. Ал бізде ше... Қызметтің мінсіз таза болуы келер күннің жарнамасының жемісі!!! Көлік ішіндегі - қазақ, өзбек, орыс, шет ел тіліндегі әуезді әндер жан жылуы. Димаш Құдайберген, Қайрат, Маржан жерлестердің әндерін тыңдап бір желпініп қалдық. Жол бастаушы (Гид) Әли Илашбеков есімді жас жігіттің орынды әзілдері, жер-су, табиғат тамашаларымен таныстыруы сапарластарға сенім сыйлап жатты.

Не жетеді білгенге,
Алтын балық ілгенге...
Бағалай бір әр елді
Ұзақ жолда жүргенде!?

2-ші, жол ережелері:

